ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 29 тамыз № 1112-25-00-2/2138 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья К.Е. Исенова қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«MB sport trade» Арын Құралай Алимұсақызы дара кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «MB sport trade» Арын Құралай Алимұсақызы дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«MB sport trade» Арын Құралай Алимұсақызы дара кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«MB sport trade» Арын Құралай Алимұсақызы дара кәсіпкерінен Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын пайдасына 18 876 (он сегіз мың сегіз жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде айыппұлды және 566 (бес жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды төлеуге байланысты сот шығындарын өндіріп өндірілсін.

«MB sport trade» Арын Құралай Алимұсақызы дара кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Қ. Исенова

Құжатқа қол қойылған: Исенова К. Е., 29.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2025, судья Исенова К. Е., 09.10.2025

1112-25-3-1/2045